

**NEWS****OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 143 – 146

**N.T.Zhanakova**

associate professor of the Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, candidate of historical sciences  
nurgul.zh.t@mail.ru

## **CONTRIBUTION OF THE ALASH PEOPLE TO THE NATIONAL CULTURE**

**Abstract.** In the article the outstanding contribution to the culture of the beginning of the XXth century by famous prominent figures of A.Bokeikhanov, A.Baitursynov,M.Tynyshbaev, A.Ermekov, I.Mustambayev. It was noted that the role of the Alash party and the autonomy of the Kazakh people in the spirit of the XXth century is a special feature of the Alash party, which is characterized by the fact that most of the Alash people, along with their social activities, study deeply the history and culture of their people. Studying the history and culture of the Kazakh people, writing about Abai on his son for the first time in the press, A. Baitursynov's formation of Kazakh language at the beginning of the XXth century, his fundamentalist background, being a reformer of the Kazakh writing based on Arabic graphics, M. Tynyshbayev's country It is widely spoken that it has written a great deal of scientifically substantiated sources for its complex, unprecedented stages of its history. AlimkhanYermekov, the first professor of mathematical sciences among the Kazakh scientists, was the first to write mathematical books in Kazakh for the higher education institutions, the Alash movement figure, the literary critic, AbaitanimIdriss MUSTAMBAYEV. the idea of promoting oral literature, prominent representatives of literature, rich heritage left behind, protection of his son Abai's heritage picked up.

**Keywords:** nation,politics,history,language,Kazakh,people,state,intelligentsia, people, government, education.

**Н. Т. Жанақова**

Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, тарих ғылымының кандидаты

## **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

**Аннотация.** Мақалада Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Ы.Мұстамбаев сияқты көрнекті алаш қайраткерлерінің XX ғасырдың басындағы ұлт мәдениетіне қосқан үлесі ашып көрсетіледі. Қазактың ұлттық мәдениетін XX ғасыр талаптарына сәйкес қайта құруда «Алаш» партиясы мен Алаш автономиясының рөлі ерекше болғандығы атап етіліп, Алаш қайраткерлерінің көпшілігіне тән қасиет – олар қоғамдық қызметімен қатар туған халқының өткен тарихына, мәдениетіне терең үніле зерттеп, шығармашылық қызметін де қатар ұстандығына назар аударылады.

**Тірексөздөр:** ұлт, саясат, тарих, тіл, мәдениет, казак, зияллылар, халық, мемлекет, білім.

XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің саяси қызметінде ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар қазақ зияллыларының көшбасшылары ретінде халықтың саяси жағынан ашу мақсатындақалың жүртшылықта білімге деген құлышынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Ұлт зияллыларының бүкіл қызметі осы мұратқа бағытталды. Қазақ жастары Мәскеу,Санкт-Петербург, Қазан және Ресейдің т.б. университеттерінде, техникалық және медициналық жоғары оқу орындарында білім алды. Өз Ұлт мәдениетін дамытып өркендетуде зор рөл аткарған қазақ зияллыларының талантты бір шоғыры XX ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқын отаршылдық бұғауынан азат, өркениетті, дербес және тәуелсіз жағдайда көруді

армандады. Казақ зияллыларының таңдаулы өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды. Алаш зияллылары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насиҳаттауга, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын құдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Олардың тәуелсіз ел болу жолындағы қажырлы қызметі ізсіз қалған жок.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ зияллылары дәрігерлер, саясатшылар, зангерлер, ақын-жазушылар болатын, бұл кезең қазактың жан-жақты білімді азаматтары Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқаларының тарих сағнасына шығуымен ерекшеленді. М. Тынышбаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхamedов жәнебасқа Алаш қайраткерлері ғылымизертеулерменайналысты. Қазақстан ғылымының қаулаш дамуы кеңес өкіметі жылдарында болғанын теріске шығаруға болмайды, бірақ оның іргетасыннан ХХ ғасырдың басында Алаш қайраткерлерінің талантты жас өкілдері қалағанади [1].

Қазактың ұлттық мәдениетін ХХ ғасыр талаптарына сәйкес қайта құруда «Алаш» партиясы мен Алаш автономиясының рөлі ерекше болды. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында Бірінші бүкіл қазактық құрылтай өтті. Оның шешімдері бойынша «Алаш» партиясының бағдарламасы жарияланды. 1917 жылдың сонында таман Қазак елі прогресс жолында талай жетістіктерге жетті және ұлттық төл мәдениетті дамытуға мүмкіндік алды. Қазак рухани мәдениетінің сол тұстағы деңгейінде Алаш қайраткерлері алдынғы қатарда тұр. Бұл ретте «Алашорда» үкіметінің басшысы, кесемі Әлихан Бекейханов бастаған алаш зияллылары өз халқының жанцияр ұлдары ретінде туған мәдениетіне өлшеусіз қызмет етті.

Қазактың ұлттық мәдениетінің дамуына өз үлесін қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, экономист, әдебиетші, публицист, аудармашы, ғалым Ә. Бекейхановтың мол еңбегінің бір саласы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған. Ол Орыс императорлық география қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесі ретінде қазақ далаасының тарихын көп зерттеді. Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесін ашуға және қызметіне тығыз араласып, қоғам басылымдарында ғылыми мақалаларын жіңіштірді. Тарих саласындағы жазып қалдырған еңбектері – «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» атты монографиялары. «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» аттықөптөмдүк манақтың «Киргизский край» деген XVII томынаеніп, Санкт-Петербургтегі жаңа мәдениеттік жетістіктерінің тарихын сипаттауды, қола дауірінен бергі тарихы, мекендерген халықтары, олардың мәдени, саяси-әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан. Сондай-ақ, Дала өлкесінің сонғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттайтыды, патша өкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттеген.

Әлихан Бекейханов – қазактың тұңғыш әнциклопедист-ғалымы. Ол ХХ ғасыр басында Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефрон сәкілді баспағерлер шығарып тұрган көптөмдүк «Жана әнциклопедиялық сөздікті» дайындаға қатысты. «Сөздікке» енген қазактың тарихы, қазактың хандықтары туралы және басқа материалдарды Ә.Бекейханов жазып берген. Олғы Абай туралы тұнғыш рет баспасөз бетінде суреттіне қоса қазанама мақала жазып жариялады, сондай-ақ Абайдың ұлы Тұрағұл және немере інісі Қекітай Ысқақұлымен бірге ұлы ақынның өлеңдерін жинақтап, баспаға әзірлеп 1909 жылы Санкт-Петербургтегі жаңа мәдениеттік жетістіктерінің тарихын сипаттауды, қазақ тілінің жаңа мәдениеттік жетістіктерінің тарихын сипаттауды жазып қаланды[2].

Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлының халық үшін істеген иғі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп қазақ әліпбій құрастыруы. Осы арқылы ғылым халқының тез сауаттанып хат тануына оку білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. Қазақ графикасының негізіне қазактың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандақтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік занына сай жазуға ынғайлы дәйекті белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын езі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазактың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, әрбір зияллы азамат халқына қара танытып, сауатын ашууды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды максат етті. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оку құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзак әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидін» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-тәншүтудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды.

А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмысады. Осы мақсатта «Оку құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпбі» (1924), «Жана әліпбі» (1926) атты оқулықтар жазып шығарды. Ол қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі және оның тәрағасының орынбасары болған тарихшы-ғалым Мұхамеджан Тынышбаев халқының тарихын күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дерек көздері бай, ғылыми тұрғыдан негізделген ірі еңбектер жазды. Оның тарихты терен түсіне білгендігі, зерттеушілігі, казак халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды түпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады. Бұған оның «Қыргыз-казак руладының шежіресі», «Қыргыз-казақтың шығу тегі», «Қазақ этонимі туралы», «Алтын Орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Актабан шұбырынды» секілді еңбектері дәлел бола алады.

1924-1925 жылдары Орыс Географиялық Қоғамының Түркістан бөлімінде жасалған баяндама негізінде М.Тынышбаевтың «Қыргыз-Казақ халқының тарихына материалдар», оған қосымша ретінде «Қыргыз-Казактар XVII және XVIII ғасырларда» деген еңбектері жарық көрді. Оларда тарихшы-ғалым қазақ шежіре деректерін орыс, шығыс, қытай деректерімен салыстыра отырып қарастырады. Ол өзі пайдаланған дерекемелерге сынни қөзқараспен қарады және оларды ауызша тарихи мәліметтермен үнемі салыстырып отырды. Осындаи еңбектерінің нәтижесінде инженер М.Тынышбаев тарихшы, өлкетанушы ретінде де көрінді.

Жалпы, Алаш қайраткерлерінің көшілігіне тән қасиет – әмбебаптық болып табылады. Олар қоғамдық, мемлекеттік қызметтерімен қатар туған халқының өткен тарихына, мәдениетінендерен үніле зерттеп, шығармашылық қызметтің де қатар ұстанды. Солардың бірі де, бірегей дәМұхамеджан Тынышбаев болатын.

М.Тынышбаев 1920 жылы Қазақ өлкесін зерттеу қоғамын құрушулыардың бірі болып, «Сана» журналының шығуына қатысады. Журналдың 1923 жылғы № 1 санында М.Тынышбаевтың «Түрік-монғол тарихы» деген еңбегі жарық көреді. Бұл құнды еңбегінде ол XII ғасырдағы монғол шапқыншылығына дейінгі қазақ тайпаларының географиялық орналасуы, құрылымы, өзіне тән қоғамдық мәдени дамуы туралы терен мәлімет береді[3].

Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ ғалымдары арасынан математика ғылымы саласынан шықкан тұнғыш профессор, саяси құғын-сүргіннің құрбаны болған Әлімхан Ермековтің тарихи зор еңбегінің бірі – Қазақ автономиясы шекарасының біртұтастығын жаңияттықпен корғауы. Осы орайда ол 1920 жылы 17 тамызда В.И.Лениннің тәрағальғымен өткен қазақ өкілдері қатысқан Халық комиссарлары кеңесінің мәжілісінде Қазақ автономиясы туралы мәселе қаралғанда, Қазақстанның жағдайы туралы Ә.Ермеков баяндама жасайды. Онда ол жер, Қазақстанның шекарасы туралы мәселелерді қамтып, өктемешіл, озбыр, отаршылдық пифылдағы өкілдермен қызу айттықта түсіп, өз пікірін тиянақты, жан-жакты, бұлтартпас дәлелдермен қорғап шығады. Нәтижесінде, кезінде қазақтардан тартып алған Каспийдің теріскей жағалауындағы ені бір шакырымдық және Ертістің сол жағалауындағы он шакырымдық ұлан-ғайыр жер Лениннің тікелей қолдауымен Қазақ еліне қайтарылады.

Ә.Ермеков осындаи саяси жұмыстарға қатысумен қатар, өзінің саналы ғұмырын білім беру саласына арнады. 1921 жылы Әлімхан Ермеков Қарқаралыда екісатылы мектеп пен педагогикалық техникум ашқан. 1929-1930 жылдары алаш жетекшілерін қуғында басталғанда Ә.Ермеков те тұтқынға алғынып, тергеліп, сонынан бостандыққа шығарылады.

Ол 1927-35 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының оқытушысы, ҚазПИ-де доцент, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының профессоры және математика кафедрасының менгерушісі, 1935-37 жылдары Алматы кен-металлургия институты математика және теориялық механика кафедрасының менгерушісі болып, дәріс беріп, ағартушылық қызметпен айналысқан. Осы жылдардағы жемісті еңбегінің нәтижесінде жоғары оқу орындарына арналған алғашқы қазақ тіліндегі математикалық кітаптар жазды. Фалымның «Ұлы математика курсы» оқулығы жоғарғы техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналып, қазақ тілінде латын қарпімен 1935 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан 3500 данамен жарық көрді. Фалымын бұл баға жетпес еңбегісталиндік қуғын-сүргін жылдары жойылып жіберілген.

Бұл еңбектің архивте сакталған жалғыз данасын Ә.Ермеков шәкірттері 1995 жылы қайта бастырып шығарды. Оқулық жоғарғы математикаға арналған тұнғыш кітап болғандықтан, автор оның құрылымына анықтама теориясы мен сызықтық тендеулер жүйесінен де хабардар ететін ілімдерді енгізген [4].

Кеңестік құрылыш басталып, соның артынша-ақ орнаған тоталитарлық жүйе басшылығымен ашық күреске шығып, ұлт мұддесін бәрінен де биік қойған қайраткер тұлғалардың бірі – Ыдырыс Мұстамбаев болатын. Ол әрі Алаш қозғалысының қайраткері, әдебиет синьшиси, абайтанушы.

Ы.Мұстамбаев Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған кезден бастап әртүрлі жауапты қызметтерді аткарды. Ол алғашқы кезден бастап-ақ кеңестік жүйенің ұлт саясатына өз наразылығын ашық білдірген қайраткер болды. Қазақстандағы Голощекин саясатына қарсы шығып, С.Садуақасов сияқты қайраткерлермен пікірлес, мұдделес болған Ы.Мұстамбаев Голощекин тарапынан сәдуақасовшылдықтың «губерниялық деңгейдегі» жақтасы, қолдаушысы тұрғысынан қаралып, ашық түрде қуғынға түсті.

Алаш қайраткері Ы.Мұстамбаев өзінің мемлекеттік, қоғамдық қызметімен қатар қазақ тілі мен оның бай ауыз әдебиетін, сол әдебиеттің көрнекті өкілдерін, олардың артына қалдырган бай мұраларын белсенді

насихаттаушы, шынайы қорғаушысы болды. Ол сыншы-публицист ретінде осы салаға қатысты қалам тарта отырып, халқымыздың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы Абай мұраларын жанын сала қорғауы – өз алдына бір ерлікdedеп білу керек [5, 95-126].

Корыта айтқанда, халқымыздың аса көрнекті тұлғалары – Алаш қайраткерлерінің өз халқының мәдениеті үшін жасаған қыруар енбектері ешқашанда ұмытылмақ емес.

### **ӘДЕБІЕТ**

- [1] «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүтінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010.
- [2] 2. Бекейханов Ә.Н. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.
- [3] Мұхаметжан Тынышаев // Жас Алаш.- 2011.- 20 қантар.
- [4] Үдербаев А. Әлімхан Ермеков «Ұлы математика курсы» оқулығы //Дала мен қала.- 2011.- 21 наурыз.
- [5] Мұстамбаев Ы. Абай сын-айтыс. // Кіт. Алаш ақындары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар.- Алматы: Алаш, 2006.

**Н.Т.Жанакова**

доцент Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, кандидат исторических наук

### **ВКЛАД ДЕЯТЕЛЕЙ АЛАШСКОГО ДВИЖЕНИЯ В НАЦИОНАЛЬНУЮ КУЛЬТУРУ**

В статье рассматривается вклад видных деятелей Алашского движения А.Букейханова, А.Байтурсынова, М.Тынышпаева, А.Ермекова, Ы.Мустамбаева в развитие национальной культуры начала XX века. Отмечается особая роль партии «Алаш» и Алашской автономии в возрождении казахской национальной культуры в соответствии с требованиями начала XX века и обращается внимание на тот факт, что деятели Алаш занимались и творческой, научной деятельностью на благо Отечества, занимая высокие должности.

**Ключевые слова:** нация, политика, история, язык, казах, интеллигенция, народ, государство, образование.